

Аягөз ауданының Байқошқар ауылдық округіне ветеринарлық шектеу қою туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы N 126 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Аягөз аудандық әділет басқармасында 2008 жылғы 4 желтоқсанда N 5-6-81 тіркелді. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 29 мамырдағы N 612 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Аягөз ауданы әкімдігінің 2009.05.29 N 612 қаулысымен.

Р К А О е ск е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңының 31 бабының 1 тармағының 18) тармақшасын және Қазақстан Республикасының «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағының 9) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Аягөз ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Аягөз ауданының Байқошқар ауылдық округі бруцеллез ауруынан қолайсыз мекен деп жарияланын.

2. Аягөз ауданының Байқошқар ауылдық округі қарантинді аймақ деп танылып, 2009 жылға ветеринариялық шектеу қойылсын.

3. Аудандық аумақтық ауыл шаруашылық инспекциясының мемлекеттік ветеринарлық бас инспекторына (С. Докуртов) (келісімі бойынша), аудандық санитарлық эпидемиологиялық қадағалау басқармасына (Б. Тлебалдин) (келісімі бойынша), аудандық ішкі істер бөліміне (С. Кайпеков) (келісімі бойынша) жеке және заңды тұлғалармен орындауға міндетті ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С. Бағжановқа жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі Н. Әзімбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК